

# Әдебиет пен мәдениетте шекара жоқ



Б. Өтешов атындағы үлгілі балалар кітапханасы «Жастар ресурстық орталығымен» бірге С.Сейфуллин атындағы орталық кітапханада «Кітап патшалығы шақырады» атты балалар кітап апталығы аясында «Әдебиет пен

мәдениетте шекара жоқ» атты кітап апталығының қорытынды кеші болып өтті. Әр алаңда түрлі қызықты ойындар мен викториналық сұрақтар, театрланған көріністер қойылып, келген оқырмандар музей экспонаттарын тамашалады.

С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі директорының міндетін атқарушы Гүлмайра Ағлақызы ұйымдастырылып жатқан іс-шараның мәні мен мазмұны зор екенін, балаларды оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында өткізіліп жатқан іс-шараға сәттілік тілеп, ұйымдастырушыларға алғысын білдірді. «Бүгінгі заманның ертегілері» атты шығармалар байқауына қатысып, жүлделі орын иеленген қатысушылар марапатталып, сыйлықтары табыс етілді. Б.Өтешов атындағы үлгілі балалар кітапханасы коворкинг орталығына 10 алаң құрды. «Қазақ ертегілер» атты алаңда С.Сейфуллин атындағы ЖББМ оқушылары Құндыз Малгерьянова мен Жаннұр Абюрова мұғалімдердің жетекшілігімен қазақ ертегілерінен театрландырылған көрініс қойды. Оралбай Ұлан күмбірлеген домбыраның әсем үнімен әуезді ән шырқап, Әлинұр, Ғалымжан, Ғанилар садақ атудан шеберлік көрсетті. Аят, Ахмад, Дарын, Рамазандар асық атудан алдына жан салмады.

Жаңаарқа ауданының С.Сейфуллин атындағы тарихи-өлкетану мұражайы ұлттық көне жәдігерлер мен қызықты экспонаттардан көрме құрылып, тарихы баяндалды. Коворкингте кітапхана қорындағы смарт кітаптар, 3Д кітаптар мен түрлі –түсті иллюстрацияланған қазақ ертегілері, арт бояу кітапшаларынан кітап көрмесі қойылып, «Өзіңмен бірге ал, кет» акциясы аясында шығыстан шыққан, бірақ мазмұнын жоғалтпаған кітаптар көрмеге қойылды.

№1 мектеп лицейі оқушылары Айдана Нұрланқызы мен Арай Саятқызының жетекшілігімен «Орыс халық ертегілері» алаңын ұйымдастырып, орыс мәдениетінен көрме қойылды. Көрмеге орыс халқының тұрмыстық заттары мен ұлттық тағамдарымен толықты «Шалқан» ертегісінен үзінді қойылып, орыс халық ертегілерінен қатысушыларға сұрақтар қойылды.

«Арманындағы тәттілер» алаңында Б.Өтешов атындағы үлгілі балалар кітапханасының меңгерушісі Нұргүл Бексұлтанқызы оқушылармен бірге шоколадтағы құрма жасап, тәттілерден тарту етті. Ұлыбританиялық жазушы Жоан Роулин жазған қиял-ғажайып шығармалар жинағы Гарри Поттердің кітап желісі бойынша «Гарри Поттер және сиқыршылар әлемі» атты Жасөспірімдер кітапханасы кітапханашыларының ұйымдастыруымен сиқыр өнері көрсетіліп, келген қонақтарды таң-тамаша етті. Дж. К. Роулинг шығармаларынан тапсырмалар беріліп, сұрақтар қойылды. «Өзіңді танысаң, әлемді танысың» атты алаңда Ақтүбек ЖББМ психологы Гүлнар Тұрарқызы қатысушыларға ерекше тренинг ұйымдастырып, оқушылардың өзін бағалауы мен, әлемге көзқарастары жайлы пікір таласты. Қатысушылар ойларын қағаз бетіне түсіріп, килы суреттер салды. Кеш соңында әр балаға жеке сараптама жүргізіліп, ақыл кеңестер берілді. «Пайдалы кеңестер библиобутигі» мен «Көңілді көліктер» атты алаңдар келген қонақтардың көңілінен шықты. «Аукцион» ұйымдастырылып әр алаңда жақсы өнер көрсетіп, сұрақтарға дұрыс жауап берген қатысушылар жетон жинап, сол жетондарды аукционда қойылған заттарға айырбастап, тәттілер мен оқу құралдарын алып мәз болып тарқасты.

Іс –шараға демеушілік білдіріп, қаржылай көмек көрсеткен «Жандос» супермаркетінің иесі, Жаңаарқа ауданының «Құрметті азаматы» жеке кәсіпкер Жансұлтан Қасымбеков, «Инабат» дүкенінің иесі, жеке кәсіпкер Жазира Жанатқызы «Жастар ресурстық орталығы» басшысы Гаухар Теміртайқызына алғысымызды білдіреміз. Кеш соңында іс-шараға белсене ат салысқан қатысушылар мен алаңдарда үздік ойын көрсеткен оқушыларға алғыс хаттар мен сыйлықтар табыс етілді.

**Айгерім АСЫЛХАН,**  
кітапханашы